



БІЛІМНІҢ ШАМШЫРАҒЫ ЖАНҒАН КҮН

Құрметті Іле ауданының тұрғындары! Қадірлі ұстаздар мен оқушылар!

Баршаңызды 1 қыркүйек – Білім күнімен және 2023-2024 оқу жылының басталуымен шын жүректен құттықтаймын! Адам өміріндегі сарқылмас қазына – білім. Адам баласы барлық арман, мақсаттарына тек білім арқылы ғана жете алады. Бүгін барлық білім беру мекемелері есіктерін айқара ашып, білім нәрімен сусындауға келген Отанымыздың жастарын, бүлдіршіндерін құшақ жая қарсы алуда.

Алғашқы қоңырау – әрбір мектеп табалдырығын аттағалы отырған жас өркеннің асыға күтетін мерекесі. Бұл күн – бүлдіршіндеріміз балғын дәурен қамсыз күнімен қоштасып, оқушы атанып, білім нәрімен сусындайтын, білімнің шамшырағы жанған күн. Бірі жаңадан оқушы атанса, енді бірі жаз бойы көрмей сағынысқан достарымен, екінші үйіндей болған қасиетті білім ордасымен қауышып, мәре-сәре болады. Оқушылардың жан-жақты дамуына, сапалы білім алуына бар мүмкіндікті қарастыру – біздің басты міндетіміз. Расында, ертеңгі күн бүгінгі ұрпақтың білімі мен тәрбиесіне төгілген тердің өлшемімен таразыланады. Сондықтан ел ертеңінің жарқын болуына, сауатты да салауатты ұрпақ қалыптастыруда білім мекемелері, ұстаздардың ерен еңбегі қашан да маңызды болып қала бермек.

Білім беру саласында ауданымызда үлкен іргелі өзгерістер, жақсы нәтижелер бар. Білім берудің басты критерийі – ұлттық бірыңғай тестілеу болса, біздің ауданымыз 2022-2023 оқу жылында жақсы нәтижелерді көрсетті.

Қадірлі ұстаздар!

Сіздерге өскелең ұрпақты тәрбиелеу жолындағы еңбектеріңіз үшін алғыс айта отырып, алдағы білім күнімен құттықтаймын. Жңа оқу жылында соны жетістіктер мен шығармашылық табысқа жетіп, денсаулықтарыңыз мықты болып, сапалы білім мен саналы тәрбиені қатар ұштастыра беріңіздер. Ұстаз бен шәкірт үшін ерекше күн – Білім күні құтты болып, биыл да шәкірттеріміз жоғары жетістіктерге жетіп, ұстаз үмітін ақтап, ата-ананың ақ арманын арқалап, еліміздің игілігі үшін қызмет ететін тұлғаларға айналсын. Сіздердің жас ұрпақты тәрбиелеу жолындағы қажырлы, өлшеусіз еңбектеріңіз әркез жемісті бола берсін! Шығармашылық игі бастамаларыңызға, педагогикалық ізденістеріңізге жаңа серпін, толағай табыстар тілеймін!

Ал білім алушы жас өрендерге айтарым, осы тамаша заманның керемет мүмкіндіктерін пайдаланып, ілім-білім жинауға қашанда асығыңдар! Озық ойлы, өрісі кең, өрелі азамат болуға әркез ұмтылыңыздар!

Құрметті ата-аналар!

Оқушыларға сапалы білім, саналы тәрбие беруде Сіздердің қолдауларыңыз, әрдайым назарларыңыз, оқу-тәрбие үрдісіне қатысуларыңыз – маңызды шарт. Қазіргі біліммен бәсекеге түсетін заманда бірлескен енбегіміз баларымызды білім шыңына жетелесін.

Мереке құтты болсын! Баршаңызға зор денсаулық тілеймін. Еліміз аман, жұртымыз тыныш болғай!

Бағдат ҚАРАСАЕВ,
Іле ауданының әкімі



Алматы облысының тумасы 16 жастағы Жібек Құлымбетова

Астанада өткен «Ju-Jitsu Youth World Championship Astana 2023» жарысында топ жарып, алтын медаль иеленді. Осылайша, спортшы джиу-джитсудан 8 дүркін әлем чемпионы атанды. «Джиу-джитсудан әлем чемпионаты

Өте қуаныштымын. Бұл әлем чемпионатына үлкен дайындықпен келдім. Оған өте ризамын. Мен оның қолдауын сезіндім», - деді жеңістен кейін Жібек Құлымбетова. Жібек, Қазақстанның спорт шебері, Б. Момышұлы атындағы

ЖІБЕК - ӘЛЕМНІҢ СЕГІЗ ДҮРКІН ЧЕМПИОНЫ

елімізде алғаш рет өткізіліп отыр. Өз елімің алдында өнер көрсету оңай болмады. Қатты қобалжығаным рас. Алтын иеленіп, маған сенген жұртымның үмітін ақтағанымға қуанып отырмын, мен 9 жасымнан бастап джиу-джитсумен айналысамын. Мені әрқашан жеке жаттықтырушым Нұрсұлтан Орынбасаров. Ол мені әрқашан қолдау көрсетіп, үлкен турнирлерге жолдады. Жаттықтырушымыз тығыз жұмыс кестесіне байланысты чемпионатқа қатыса алмады. Мен тағы да әлем чемпионы атандым.

«Намыс» төсбелгісі мен «Дара бала» медалінің иегері. Талай халықаралық додалардың жеңімпазы. Жібек Құлымбетова – Сағадат Нұрмағамбетов атындағы «Sagadat batyr-QTT» спорт клубының тәрбиеленушісі. Сонымен қатар грепплингтен әлем чемпионы, самбодан әлем чемпионатының қола жүлдегері, көптеген халықаралық және республикалық жарыстардың жеңімпазы және жүлдегері.

Б. ШОЙБАСОВ

Тіл – халықтың ең асыл қазынасы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Қазақстан Республикасында тілдерді қолдану мен дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы» №1045 қаулысына сәйкес, 5 қыркүйек – Қазақстан халқы тілдері күні болып жарияланды. Бұл айтулы дата тіл жанашыры, Алаштың арысы Ахмет Байтұрсынұлының туған күніне орай белгіленген болатын.

Тәуелсіздік алып, азаттықтың таңы атқалы бері, күллі әлем қазақ елін татулықты ту еткен ел ғана емес, өз салт-санасын, тарихын, тілін ұлықтаған ұлы халық деп мойындады. Тіл – халықтың қуатты құралы, елдігіміз бен бірлігіміздің туы. Демек, ұлтты ұйыстыратын да, елді біріктіретін де – тіл. Елімізді мекендеген әрбір ұлт өз ана тілін білуімен қатар мемлекеттік тілді де жетік меңгерсе, Қазақстан атты үлкен үйіміздің бір кірпіші болып қаланып, ел игілігі үшін қызмет ететіні көміл.

Әрбір адамзаттың жүрегінің төрінен орын алып, көңілінде бозторғайдай сайраған бір үн болса, ол – оның ана тілі. Біз тілдің



ТІЛ – ЕЛ НАМЫСЫНЫҢ АЙНАСЫ

күнделікті тірлікте бір адамның екінші адаммен, бір ұлттың келесі ұлт өкілімен, тіпті мемлекет пен мемлекеттің арасындағы өзара қарым-қатынас құралы екенін білеміз. Алайда, біз осыдан әріге бардық па? Тілдің қадіріне жете алдық па? Белгілі ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор Дандай Ысқақ тіл туралы пікірінде: «Ф.Энгельс «адамды адам еткен – еңбек» десе, осыған орайлас, «адамды адам еткен – тіл» деуге де болды. Тіл – адамзат баласының қоғамдық-әлеуметтік дамуының бірден-бір көрсеткіші» - дей келе, тіл мен ұлттың ажырамас бөлік екеніне баса мән береді. Ғалымның бұл пікірі ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының «Сөзі жоғалған ұлттың – өзі жоғалады» деген қанатты сөзімен үндесіп, Ахаңның сөзін тарқата, қарапайым тілмен жіліктеп, айтқандай әсер қалдырады. Иә, тіл – ұлттың ұлттығын айғақтайтын ең асыл қасиеттерінің бірегейі. Тіл жоқ жерде ұлт болмайды, ал, сол тілде сөйлейтін халық жоқ жерде тіл де өз өмірін тоқтатып, өлі тілдер қатарына қосылады.

Еліміздің Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев: «Қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі рөлі күшейіп, ұлтаралық қатынас тіліне айналатын кезеңі келеді деп есептеймін» - деп, алдағы уақытта мемлекеттік тілдің мәртебесінің артатыны туралы сеніммен айтты. Себебі, «Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде». Олай болса, «Қай істің өнуіне үш түрлі шарт керек. Ең әуелі ниет керек, одан соң күш керек және тәртіп керек» деген М. Әуезов айтқан ұлағатты сөзді негізге алып, ниетімізді іске асыратын күн келді. Ең бастысы, ұлттық тіл – ұлттық сананың, ұлттық намыстың жоғарылығына, оның қажеттілік деңгейіне байланысты екенін жадымыздан шығармауымыз қажет. Жалпы қоғамды, өскелең жас ұрпақты Отанымызды сүйуге, мемлекеттің әрбір құндылықтарын қастерлеуге, мемлекеттік тілді құрметтеуге, патриоттық рухта тәрбиелеуде, ісіміздің игілікті болуы үшін, бір атаның баласындай үлес қосуымыз тиіс. Иә, «Ұлым дейтін ел болмаса, елім дейтін ұл қайдан шықсын?!» - деп даналар айтқандай, жас ұрпақтың бойына бала кезден мемлекеттік тілге деген махаббат пен сүйіспеншілікті, өр рух пен жалынды жігер, ұлттық намысты сіңіре білейік. Себебі, ұлттың ұлт болып сақталып қалуының алтын діңгегі тіл болса, сол тілдің келешек ғасырға дейін жетуі – бүгінгі жас ұрпақтың қолында.

Қазақ елінің мемлекеттік тілі қазақ тілінің әлеуетінің артуы туралы сөз қозғағанда біз елімізді мекендеген басқа ұлт өкілдерінің тілін, ділін төмен санайтын ниетіміз жоқ. Біздің еліміз зайырлы мемлекет болғандықтан, өзге ұлттың ана тілін меңгеруіне, өз тілінде сөйлеп, ұрпағына насихаттай алуына жан-жақты мүмкіндік жасап отыр. Бірақ, мемлекетіміздің тірегі, елдігіміздің өзегі болған мемлекеттік тілді өз деңгейін меңгеріп, мемлекеттік орындарда Қазақ елінің мемлекеттік тілі қазақ тілінде сөйлеп, оның дамуына бір кісідей атсалысса, құба-құп болар еді. Мемлекеттік тіл – ел намысының айнасы. Сондықтан, кімге де болсын өзі өмір сүріп отырған елдің мемлекеттік тілін білу – парыз.

А. ЕРЖАНОВ